

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/UWEH8749>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.48081/NKRS3079>

***Ж. Т. Исабергенова¹, Г. З. Бейсембаева²,
А. К. Каурбаева³, Г. С. Жабигенова⁴**

^{1,2,4}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8628-6267>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4024-6470>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8964-4475>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7002-2439>

*e-mail: star.urda@mail.ru

КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда тиімді әдіснамалық тәсілдерді таңдау – қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындаудың маңызды компонентіне айналды. Дегенмен, сандық технологиялардың қарқынды дамуымен шетел тілін салаға бағыттап оқытуда кейбір әдіснамалық тәсілдер өзектілігін жоғалтып отыр. Әдіснамалық тәсілдің дұрыс таңдалуы пәнді оқытуда аса маңызды болғандықтан, сандық технологияларға негізделген тәсілдер кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда негізгі тәсілдердің бірі болуы қажет. Осы болжамға сүйене отырып, бұл зерттеу әдіснамалық тәсілдерді сандық технологияларға негіздеу мүмкіндігін сапалы зерттеу үшін жасалды.

Мақалада еліміздегі әртүрлі жоғарғы оқу орындарында Кәсіби бағытталған шетел тілі пәні бойынша сабақ беретін оқытушылар мен тілдік емес мамандықтарда оқитын 1–4 курс студенттері және магистранттарының Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қолданылып жүрген әдіснамалық тәсілдер, олардың тиімділігіне, сонымен қатар аталған пәнді оқыту барысында сандық технологияларды қолдануға жеке көзқарасын зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнама ұсынылған. Деректер ашық сауалнама, Google Forms-тегі онлайн сауалнама арқылы жиналды; модельдер

мен тақырыптар деректерді талдау негізінде жинақталды және құрылды. Нәтижелер оқытушылар мен студенттер кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында қолданылатын әдіснамалық тәсілдердің әлі де жетілдірілу керектігін, сандық технологияны көп қолданылу қажеттігін, сонымен қатар пәннің толықтай салаға байланысты оқытылу керектігін көрсетті. Сонымен қатар, осы зерттеудің нәтижелері қосымша зерттеулер үшін нұсқаулық ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: әдіснама, тәсіл, кәсібилексика, коммуникативтік тәсіл, контекстік тәсіл, сандық технология.

Кіріспе

Еңбек нарығының жаһандануы мен Қазақстандағы тілдік білім беруді жаңғырту жағдайында маңызды міндеттердің бірі – түрлі кәсіби салаларда жұмыс істейтін бәсекеге қабілетті, көптілді мамандарды даярлау болып табылады. Еліміздің дамуы мен индустриялық ілгерілеуі осы қызмет салалары үшін, оның ішінде тілдік салалар үшін кәсіби мамандарды даярлау сапасымен тығыз байланысты [1]. Осыған орай, білім беру жүйесінде, атап айтқанда, жоғары оқу орындарында кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың мазмұнын жаңарту, оқыту әдістемесін жетілдіру және әлемдік талаптарға сай келетін оқыту технологияларын енгізу өзекті міндеттерді бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасында ағылшын тілін жетік меңгерген мамандарға деген ерекше сұранысты ескере отырып, бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда бұл мәселеге басымдық беріп отыр. Атап айтқанда, «Қазақстан-2050» стратегиясы, бұрын қолданыста болған «Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы» сияқты нормативтік құжаттарда Қазақстандағы түрлі қызмет салалары үшін жоғары білікті кадрларды даярлау қажеттілігіне ерекше назар аударылады [2]. Осыған байланысты кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қолданылатын әдіснамалық тәсілдерді ғылыми негізде талдау және олардың тиімділігін анықтау бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық ізденістердің негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Алайда, Қазақстанның көптеген жоғарғы оқу орындарында кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың әдіснамалық тәсілдері жеткілікті деңгейде зерттеліп, бір жүйеге келтірілмегендіктен, бұл оқыту үрдісінің тиімділігін төмендетуде. Егер кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда әдіснамалық тәсілдер ғылыми негізде талданса және цифрлық технологиялар тиімді қолданылса, онда студенттердің тілдік құзыреттілігі мен кәсіби дағдылары жақсарады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстанның әр өңірінің жоғарғы оқу орындарында Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың қолданыстағы әдіснамалық тәсілдерін талдай отырып, оларды жетілдіру мәселелерін қарастыру болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсатына жету үшін келесі нақты міндеттер анықталды:

– Қазақстандағы әртүрлі жоғарғы оқу орындарында тілдік емес мамандық студенттеріне кәсіби бағытталған шетел тілі пәнінен сабақ беретін оқытушылар қолданатын әдіснамалық тәсілдердің тиімділік деңгейіне, пәнді оқыту барысында кездесетін қиындықтарға, сонымен қатар, оқу материалдарының қаншалықты мамандыққа бағытталғандығына талдау жүргізу;

– кәсіби шетел тілі пәнін оқыту барысында цифрлық технологиялардың қолданылу деңгейі мен тиімділігін зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында қолданылатын әдіснамалық тәсілдердің тиімділік деңгейін анықтауға бағытталған.

Зерттеу сұрақтары:

– Дәстүрлі әдіснамалық тәсілдер кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда тиімді ме?

– Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында сандық технологиялар қолданылады ма және олар қаншалықты тиімді?

– Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында қолданылатын оқу материалдары қаншалықты мамандыққа негізделген?

Жоғарыда аталған сұрақтарды шешу үшін зерттеу 2 кезеңге бөлінді.

Бірінші кезең кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында қолданылатын әдіснамалық тәсілдердің тиімділігі туралы отандық және халықаралық әдебиеттерді бастапқы іріктеуге бағытталды. Өрі қарай талдау үшін материалдарды бастапқы іздеу Web of science, Scopus, Google Scholar және Sci-hub цифрлық іздеу жүйелері арқылы жүзеге асырылды. «Әдіснамалық тәсілдер», «тәсіл», «коммуникативтік тәсіл», «лексикалық тәсіл», «контекстік тәсіл», «когнитивтік тәсіл», «құзыреттілікке негізделген тәсіл», «іс-әрекеттік тәсіл», сандық технологияларды қолдану сияқты сөздер мен сөз тіркестері іздеудің негізгі терминдері болды. Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қолданылған әдіс-тәсілдерге қатысты әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі тілдік бағыттағы жарияланымдар таңдалды.

Зерттеудің екінші кезеңі Google Docs Editors бағдарламасының бөлігі болып табылатын тегін веб-негізделген Google Forms сауалнамасын басқару бағдарламалық құралында жүргізілген онлайн сауалнамасын өткізу болды.

Оқытушылар мен студенттердің кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту мен үйренуде қолданылып келе жатқан әдіснамалық тәсілдердің тиімділік деңгейі мен оқу материалдарының қаншалықты мамандыққа негізделгендігін анықтау үшін онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстанның әр өңіріндегі жоғарғы оқу орындарында Кәсіби бағытталған шетел тілі пәнінен сабақ беретін 64 оқытушы мен тілдік емес мамандықтарда оқитын 117 студент қатысты.

Зерттеу жүйелік және салыстырмалы әдістерге негізделген.

Әдеби шолу

«Кәсіби лексика» және «кәсіби лексиканы оқыту» ұғымдары отандық ғалымдардың еңбектерінде ашылған (А. Салқынбай, М. Жанпейісова, Б. А. Жетпісбаева, Э. Д. Сүлейменова); Орыс (А. В. Суперанская, М. Т. Кабардов, И. А. Зимняя, М. А. Кошкин, В. А. Кожемякина) және шетелдік (Gunnar Swales, L. Trimble, Tom Hutchinson, Alan Waters, Dudley-Evans, St John, J. R. Cowan).

Ресейлік ғалымдардың әлеуметтік лингвистикалық терминдер сөздігінде кәсіби лексика – белгілі бір кәсіби топқа тән, ортақ мамандық иелерінің бейресми қарым қатынаста қолданылатын лексикасы [3, 175-б.] деп анықтама беріледі. Ал, отандық ғалым Б. А. Жетпісбаева кәсіби лексиканы оқыту деп білім алушыларды болашақ мамандықтарына қажетті тілдік құралдармен қаруландыруға бағытталған оқыту процесі деп көрсетеді. Ол бұл ұғымды тілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамытумен байланыстырады [4].

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін саралай келе, кәсіби лексика – белгілі бір мамандықтың мазмұны мен ерекшелігін көрсететін және кәсіби коммуникацияда қолданылатын лексикалық бірліктер жиынтығы болса, кәсіби лексиканы оқыту – сол сөздік қорды тиімді меңгерту арқылы кәсіби қарым-қатынасқа дайындау үдерісі деп тұжырымдаймыз.

Аталған тұжырым кәсіби лексиканы меңгерту барысында тиімді әдіснамалық тәсілдерді таңдаудың қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыда кәсіби лексиканы оқытуда қолданылатын әдіснамалық тәсілдерді айқындау, оларды теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік негізде сынақтан өткізу өзекті болып табылады.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде «әдіс» ұғымы білім беру жүйесінің дамуының белгілі бір кезеңіндегі шетел тілін оқытудың негізгі бағыты ретінде қарастырылса, «тәсіл» термині әдіс ұғымына қарағанда кеңірек мағынаға ие болып, ол шетел тілін оқытудың мақсатын, принциптерін, мазмұнын және оқыту формаларын анықтайды, бірақ оқыту жүйесінің тұтас моделін құрмайды.

Әдістемелік ғылымда тәсіл дегеніміз жалпы бастапқы тұжырымдамалық позиция ретінде анықталады, оның негізінде зерттеуші саналы немесе бейсаналы түрде өз концептуалдық тұжырымдарының басым бөлігін қарастырады. Тәсіл шетел тілін оқытудың негізгі курсы аясында әдістерді, амалдарды және оқыту жолдарын анықтайды [5, 16-6.].

Әдіснама ұғымы ғылыми-зерттеу жүргізудің, білім берудің және тәжірибені ұйымдастырудың теориялық негіздерін айқындайды. Қазақстандық зерттеушілердің ішінен Ф.Ш.Оразбаева өз еңбегінде әдіснаманы «ғылым негіздерін, танымдық қағидалар мен амалдарды жүйелі ұстану арқылы білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған теориялар жиынтығы» деп атайды [6, 34-6.]. Ал, С.С.Құнанбаева өз монографиясында әдіснамалық тәсілдерді «білім беру үдерісін жүйелі, мақсатты және нәтиже бағытында ұйымдастыруға мүмкіндік беретін теориялық ұстанымдар жиынтығы» деп сипаттайды [7, 25-6.].

Ресейлік ғалым Е.Н.Соловова шетел тілін кәсіби бағытта оқытуда әдіснамалық тәсілдер ішінде коммуникативтік және когнитивтік тәсілдердің маңызын ерекше атап көрсетеді. Коммуникативтік тәсіл студенттердің кәсіби салада қарым-қатынас жасау қабілетін дамытса, когнитивтік тәсіл білім алушылардың кәсіби терминдерді меңгеру барысында танымдық дағдыларын жетілдіруге бағытталған [8, 157, 159-6.].

Ресейлік зерттеуші И.А.Зимняя кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда интегративтік және функционалдық тәсілдердің маңызын көрсетеді. Интегративтік тәсіл бірнеше пәндермен байланыстырылып оқытылса, функционалдық тәсіл шетел тілін нақты кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған құрал ретінде қарастырылады [9, 97-6.].

Шетелдік ғалымдар арасында Tom Hutchinson мен Alan Waters кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда кәсіби бағдарлы (Professional-oriented approach) және контекстік (Context-based approach) тәсілдерге баса назар аударады. Олардың пайымдауынша, бұл тәсілдер студенттердің нақты кәсіби контекстегі қажеттіліктерін ескере отырып, тілдік дағдыларын дамытады [10, 52–54-66.].

Dudley-Evans және Maggie Jo St John кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда функционалдық, коммуникативтік және кәсіби бағдарлы тәсілдердің үйлесімділігін атап көрсетіп, аталған тәсілдерді біріктіру арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға болатындығын дәлелдейді [11, 83-6.].

Осы ғылыми еңбектерге жасалған талдаудан кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда аталған әдіснамалық тәсілдердің маңыздылығын және олардың өзара байланысы мен бір-бірін толықтыратын сипатқа ие екендігін көруге болады.

Нәтижелер және талқылау


Бірінші кезеңнің зерттеу нәтижесі бойынша 60 әдеби дереккөз жинақталды. Басылымдардың негізгі көздері әртүрлі академиялық журналдардағы мақалалар, диссертациялар, кәсіби лексика, әдіснамалық тәсілдер және олардың түрлері бойынша әдістемелік әзірлемелер мен түрлі дереккөздер, соның ішінде кітаптар, нормативтік құқықтық актілер халықаралық конференциялардың жарияланымдары болды.

Екінші кезеңнің қорытындысы – жоғарғы оқу орны оқытушылары мен студенттерінің онлайн сауалнамасы. Сауалнама 4 бөлімнен құрастырылып, респонденттерге жалпы 16 сұрақ, соның ішінде 3 ашық сұрақ қойылды. Сауалнаманың алғашқы бөлімі респонденттерге қатысты жеке мәліметтер болса, екінші бөлімде Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қолданылып жүрген әдіснамалық тәсілдер, үшінші бөлігінде Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында сандық технологиялардың және заманауи әдістердің қолданылуы туралы сұрақтар қамтылса, ал төртінші бөлігінде аталған әдіснамалық тәсілдердің тиімділігін бағалау және даму перспективаларына қатысты сұрақтар қойылды.

Кәсіби шетел тілі сабақтарында жиі қолданылып жүрген әдіснамалық тәсіл бойынша сұраққа оқытушылардың басым бөлігі 65,6 % коммуникативтік тәсіл деп белгілесе, ал 82 % студенттер бұл сұраққа лексикалық тәсіл деп жауап берген (1 кестені қараңыз). Сонымен қатар респонденттердің басым бөлігі оқытушылар 49,9 %, студенттер 45,3 % аталған әдіснамалық тәсілдердің кәсіби шетел тілін меңгеруге ықпалы деген сауалға тиімді деп жауап бергенімен, респонденттер арасында бұл тәсілдердің тиімсіздеу екендігін көрсеткендер де болды (1-сурет).

1-кесте – Сіздің университетіңіздегі «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәні сабақтарында қандай әдіснамалық тәсілдер жиі қолданылады?

Әдіснамалық тәсілдер	Оқытушылар / %	Студенттер / %
Лексикалық тәсіл	48,4	70,1
Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл	32,8	21,4
Коммуникативтік тәсіл	65,6	50,4
Құзыреттілікке негізделген тәсіл	32,8	9,4
Іс-әрекеттік тәсіл	25	25,6
Когнитивтік тәсіл	26,6	12
Контекстік тәсіл	31,3	20,5



1-сурет – Таңдалған методологиялық тәсілдердің кәсіби бағытталған шетел тілін меңгеруге ықпалы

Кәсіби бағытталған шетел тілін үйрену барысында қандай негізгі қиындықтар туындайды деген ашық сұраққа төмендегідей жауаптар берілді.

Оқытушылар:

- Мамандыққа негізделген оқу материалдарының жеткіліксіздігі;
- Студенттердің тілдік деңгейлеріне қарай тапсырмаларды таңдау;
- Пәнді оқытуға бөлінген сағат санының аздығы;
- Пәнді меңгеруге деген студенттердің мотивациясының төмендігі;
- Терминдерді білмеу, студенттердің тілдің дейгейлерінің төмендігі;
- Отандық ғалымдардың мамандықтарға бағытталаып жазылған

еңбектердің болмауы;

- Пәнді оқыту барысында дұрыс әдіснамалық тәсілдердің таңдалмауы;
- Оқытушылардың өздерінің салаға байланысты тәжірибесінің болмауы,

терминдерді толық түсінбеуі.


Студенттер:

- Базалық білімнің болмауы;
- Тілдік деңгей төмендігі;
- Пәнге бөлінген сағат санының аздығы;
- Тәжірибе мен тілдік орта жетіспеуі;
- Топтағы білім алушылардың тілдік деңгейлерінің әртүрлі болуы;
- Оқу материалдарының мамандыққа ішінара негізделуі;


Кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту қаншалықты кәсіби салаға бағытталған деген сұраққа оқытушылардың 50 %, студенттердің 53,3 %

болашақ мамандыққа толықтай бағытталған деген нұсқаны таңдағанымен, 42,8 % оқытушылар мен 36,8 % студенттер ішінара бағытталған, 4,7 % оқытушылар мен 8,5 % студенттер практикалық түрде бағытталмаған, 3,1 % оқытушылар мен 0,9 % студенттер мүлдем бағытталмаған деп жауап берген (2-сурет). Бұл дегеніміз еліміздегі көптеген университеттерде кәсіби бағытталған шетел тілі пәндерінің тілдік емес мамандықтарға толықтай негізделмегендігінің көрсеткіші.

Бұған тағы бір дәлел, Кәсіби бағытталған мәтіндер (мақалалар, баяндамалар, нұсқаулықтар және т.б.) оқыту процесінде қандай рөл атқарады деген сауалға респонденттердің басым бөлігі қосымша материал ретінде қолданылады десе, 6,3 % оқытушылар мен 4,3 % студенттер іс жүзінде пайдаланылмайды деп жауап берген (3-сурет).




2-сурет – Кәсіби бағытталған шетел тілі пәнінің кәсіби салаға бағытталу деңгейі




3-сурет – Кәсіби бағытталған мәтіндердің (мақалалар, баяндамалар, нұсқаулықтар және т.б.) оқыту процесіндегі рөлі

Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында сандық технологиялар мен сандық технологияларға негізделген әдістердің қолданылуына тоқталсақ, респонденттердің көпшілігі 70,3% оқытушылар мен 61,5% студенттер тұрақты түрде қолданылады десе, респонденттердің қалған бөлігі сирек қолданылады деп жауап берген. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесіне сәйкес, аталған пәнді оқытуда цифрлық технологияларды қолдану тиімді екендігіне көз жеткізуге болады (4-сурет).



4-сурет – Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында сандық технологияларды қолдану тиімділігі көрсеткіштері

Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қандай оқу форматы ең тиімді деген сұраққа 82,8 % оқытушылар мен 41,9 % студенттер интерактивті сабақтар мен рөлдік ойындар деп жауап берген. Ал, дәстүрлі лекциялар мен семинарларды респонденттер арасында 10 % оқытушылар мен 12 % студенттер ғана таңдағанын ескерсек, қазіргі таңда тілді меңгеру барысында сандық технологияға деген сұраныстың жоғары екендігін байқауға болады (5-сурет).

12. Сіздің пікірінше, қандай оқу форматы ең тиімді? (Қақой формат занытты, по ващему мнению, наиболее эффективен?)
64 отбав13. Сіздің пікірінше, қандай оқу форматы ең тиімді? (Қақой формат занытты, по ващему мнению, наиболее эффективен?)
117 отбав

5-сурет – Кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында тиімді оқу форматы

Сонымен қатар, 82 % оқытушылар мен 82,8 % студенттер, осы тақырып аясындағы алдағы зерттеулерге қатысуға дайын екенін көрсеткен. Демек, бұл тақырып бойынша әлі де зерттелетін, қарастырылатын мәселелердің бар екендігін көруге болады. Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда қолданылатын әдіснамалық тәсілдерді әлі де саралап, жетілдіру ұсынылады.

Қорытынды

Кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту барысында қолданылатын әдіснамалық тәсілдер бойынша зерттеуіміздің нәтижесінде, бұл бағыттың оқыту үрдісін оңтайландырудың маңыздылығы анықталды. Зерттеу жұмысымыздың басында атап өткендей, кәсіби шетел тілін білу бәсекеге қабілетті болам деген қазіргі мамандар үшін міндетті құзіреттілікке айналды. Алайда, тілдік емес мамандық студенттеріне кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың әдіснамалық тәсілдері жеткілікті деңгейде қарастырылмай қалып отыр, бұл оқытудың тиімділігін төмендетуге.

Зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей, негізгі проблемалардың ішінде пәнге бөлінген сағат санының аздығы, кәсіби бағытты есепке алмау, кәсіби салаға негізделген оқу материалдарының қосымша материал ретінде ғана қолданылуы және студенттердің тілдік дайындық деңгейлерінің әртүрлілігі ерекшеленеді. Бұл мәселелерді шешу үшін кәсіби мазмұнды тілдік оқытуға біріктіру, интерактивті әдістерді қолдану және сандық технологияларды қолдану қажет. Коммуникативтік, лексикалық, компетенциялық және контекстік тәсілдердің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында студенттердің кәсіби қызметте қажет болатын тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған жобаларды, кейс-стадилерді және рөлдік ойындарды қолдану ұсынылады.

Әлеуметтік зерттеулерден, оқытуды жекелендіру және студенттердің тілдік деңгейіне байланысты арнайы оқу жоспарларын құру оқыту үрдісін оңтайландыруға ықпал етеді. Сандық платформалар мен онлайн ресурстарды пайдалану арқылы оқытудың қолжетімділігін арттырып, студенттердің мотивациясын көтеруі мүмкін. Дегенмен, бұл зерттеудің кейбір шектеулері бар. Деректерді алу үшін тек онлайн сауалнама пайдаланылды. Жоғары сапалы дәлелдемелерді алу үшін жартылай құрылымдық сұхбаттар мен

бақылаулар сияқты басқа да құралдарды пайдалануға болады. Сондай ақ, түрлі әдіснамалық тәсілдерді қолдана отырып ұзақ мерзімді бақылау жұмыстарын жүргізуге де болады. Оқытушылар мен студенттердің кәсіби құзыретті болып қалыптасуы әрі қарай зерттеуіміздің тағы бір әлеуетті бағыты болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Мынбаева, А. К.** Реформы высшего образования Казахстана : 20 лет независимости. [Текст] // Вестник КазНУ. Серия : Педагогические науки. – 2011. – № 3 (34). – С. 15–20.

2 Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 445 қаулысы. [Электрондық ресурс]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000445?utm_source

3 **Кожемякина, В. А., Колесник, Н. Г., Крючкова, Т. Б., Парфенова, О. С., Трушкова, Ю. В.** Словарь социолингвистических терминов : при участии Биткеевой А. Н., Горячевой М. А. [Текст]. – М. : Изд-во РАН. – 2006. – 312 с.

4 **Жетпісбаева, Б. А.** Кәсіби бағытталған шет тілін оқыту әдістемесі [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті. – 2007. – 156 б.

5 **Шамов, А. Н.** Когнитивный подход к обучению лексике : моделирование и реализация : автореф. дис. ... д-ра пед. наук : 13.00.02 / А. Н. Шамов [Текст]. – Тамбов. – 2005. – 52 с.

6 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас : теориясы мен әдістемесі [Текст]. – Алматы : РБК. – 2000. – 160 б.

7 **Құнанбаева, С. С.** Қазіргі заманғы шетел тілдік білім беру : методологиясы мен теориясы [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті. – 2010. – 210 б.

8 **Соловова, Е. Н.** Методика обучения иностранным языкам : базовый курс лекций [Текст]. – М. : Просвещение. – 2008. – 287 б.

9 **Зимняя, И. А.** Психология обучения иностранным языкам [Текст]. – М. : Просвещение. – 1991. – 144 с.

10 **Hutchinson, T., Waters, A.** English for Specific Purposes : A Learning-Centred Approach [Текст]. – Cambridge : Cambridge University Press. – 1987. – 183 p.

11 **Dudley-Evans, T., St John, M. J.** Developments in English for Specific Purposes : A Multi-disciplinary Approach [Текст]. – Cambridge : Cambridge University Press. – 1998. – 301 p.

References

1 **Mynbaeva, A. K.** Reformy vysshego obrazovaniya Kazakhstana : 20 let nezavisimosti [Reforms of Higher Education in Kazakhstan: 20 Years of Independence] [Text] // Vestnik KazNU. Seriya : Pedagogicheskie nauki. – 2011. – No. 3 (34). – P. 15–20.

2 Kazakhstan Respublikasy. Ukimet. Kazakhstan Respublikasyn industriyalyk-innovatsiyalyk damytudyn 2015–2019 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы : Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2016 zhylygy 29 shildedegi No. 445 kaulysy [State Program of Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2015–2019 : Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 29, 2016 No. 445] [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000445?utm_source

3 **Kozhemyakina, V. A., Kolesnik, N. G., Kryuchkova, T. B., Parfenova, O. S., Trushkova, Yu. V.; pri uchastii Bitkeeva, A. N., Goryacheva, M. A.** Slovar' sotsiolingvisticheskikh terminov [Dictionary of Sociolinguistic Terms] [Text]. // Moscow : Izd-vo RAN. – 2006. – 312 p.

4 **Zhetpisbaeva, B. A.** Kasibi bagyttalğan shet tilin okytu adistemesi [Methodology of Professionally Oriented Foreign Language Teaching] [Text]. // Almaty : Kazak universiteti. – 2007. – 156 p.

5 **Shamov, A. N.** Kognitivnyi podkhod k obucheniyu leksike : modelirovanie i realizatsiya : avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk : 13.00.02 [Cognitive Approach to Teaching Vocabulary: Modeling and Implementation : Abstract of Doctoral Dissertation in Pedagogical Sciences : 13.00.02] [Text]. // Tambov. – 2005. – 52 p.

6 **Orazbaeva, F. Sh.** Tildik katynas : teoriyasy men adistemesi [Language Communication : Theory and Methodology] [Text]. // Almaty : RBK. – 2000. – 160 p.

7 **Kunanbaeva, S. S.** Kazirgi zamangy shetel tildik bilim beru : metodologiyasy men teoriyasy [Modern Foreign Language Education: Methodology and Theory] [Text]. // Almaty : Kazak universiteti. – 2010. – 210 p.

8 **Solovova, E. N.** Metodika obucheniya inostrannym yazykam : bazovyi kurs leksii [Methods of Teaching Foreign Languages: Basic Course of Lectures] [Text]. // Moscow : Prosveshchenie. – 2008. – 287 p.

9 **Zimnyaya, I. A.** Psikhologiya obucheniya inostrannym yazykam [Psychology of Foreign Language Learning] [Text]. // Moscow : Prosveshchenie. – 1991. – 144 p.

10 **Hutchinson, T., Waters, A.** English for Specific Purposes : A Learning-Centred Approach [Text]. // Cambridge : Cambridge University Press. – 1987. – 183 p.

11 **Dudley-Evans, T., St John, M. J.** Developments in English for Specific Purposes : A Multi-disciplinary Approach [Text]. // Cambridge : Cambridge University Press. – 1998. – 301 p.

24.03.25 ж. баспаға түсті.

08.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Т. Исабергенова¹, Г. З. Бейсембаева²,

А. К. Каирбаева³, Г. С. Жабигенова⁴

^{1,2,4}Евразийский национальный университет имени

Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

³Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 24.03.25.

Поступило с исправлениями 08.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

РОЛЬ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ В ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Выбор эффективных методологических подходов в обучении профессионально ориентированному иностранному языку стал важным компонентом подготовки квалифицированных специалистов, конкурентоспособных на современном рынке труда. Однако с бурным развитием цифровых технологий некоторые методологические подходы к преподаванию иностранного языка в профессиональной сфере утратили свою актуальность. Поскольку правильный выбор методологического подхода играет ключевую роль в процессе преподавания, методы, основанные на цифровых технологиях, должны стать одними из основных в обучении профессионально ориентированному иностранному языку.

Исходя из этого предположения, данное исследование проведено с целью качественного анализа возможности внедрения методологических подходов, основанных на цифровых технологиях. В статье представлено исследование, основанное на опросе преподавателей, преподающих дисциплину «Профессионально ориентированный иностранный язык» в различных высших учебных заведениях нашей страны, а также студентов 1-4 курсов и

магистрантов непрофильных специальностей. Опрос проводился с целью изучения используемых методологических подходов, их эффективности, а также личного отношения преподавателей и студентов к применению цифровых технологий в процессе обучения данной дисциплине. Данные были собраны с помощью открытого анкетирования и онлайн-опроса в Google Forms; на основе анализа данных были сформулированы модели и темы.

Результаты показали, что преподаватели и студенты считают, что методологические подходы, используемые в преподавании профессионально ориентированного иностранного языка, все еще требуют совершенствования, что необходимо шире применять цифровые технологии, а также преподавать данный предмет в полной связи с профессиональной сферой. Кроме того, результаты данного исследования могут быть использованы в качестве руководства для дальнейших исследований.

Ключевые слова. Методология, подход, профессиональная лексика, коммуникативный подход, контекстный подход, цифровая технология

Zh. T. Issabergenova¹, G. Z. Beysembaeva²,

A. K. Kairbayeva³, G. S. Zhabigenova⁴

^{1,2,4}*L. N. Gumilyov Eurasian National University,*

Republic of Kazakhstan, Astana;

³*Toraighyrov University,*

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 24.03.25.

Received in revised form 08.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE ROLE OF METHODOLOGICAL APPROACHES IN TEACHING A PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE

The selection of effective methodological approaches in teaching professionally oriented foreign languages has become an important component in training qualified specialists who are competitive in today's labor market. However, with the rapid development of digital technologies, some methodological approaches to teaching foreign languages in professional fields have lost their relevance. Since the correct choice of a methodological approach plays a key role in the teaching process, methods

based on digital technologies should become one of the main approaches in teaching professionally oriented foreign languages.

Based on this assumption, this study was conducted to qualitatively analyze the possibility of implementing methodological approaches based on digital technologies. The article presents a study based on a survey of teachers who teach the subject «Professionally Oriented Foreign Language» in various higher educational institutions of our country, as well as students from the 1st to 4th year and master's students in non-language specialties. The survey aimed to study the methodological approaches used, their effectiveness, as well as the personal opinions of teachers and students regarding the use of digital technologies in teaching this subject. Data were collected through open-ended questionnaires and an online survey in Google Forms; models and themes were formulated based on data analysis.

The results showed that teachers and students believe that the methodological approaches used in teaching professionally oriented foreign languages still need improvement, that digital technologies should be used more extensively, and that the subject should be taught in full connection with the professional field. Furthermore, the findings of this study may serve as a guideline for further research.

Keywords: methodology, approach, professional vocabulary, communicative approach, contextual approach, digital technology.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 31,59.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4485

Сдано в набор 21.11.2025 г. Подписано в печать 30.12.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4485

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz